

"Шекара маңындағы аудандарда құрылған жұмыс орындарының саны туралы мәліметтер" атты шекара маңындағы аумақтарды дамыту саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 27 тамыздағы № 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 28 тамызда № 34988 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Шекара маңындағы аудандарда құрылған жұмыс орындарының саны туралы мәліметтер" атты шекара маңындағы аумақтарды дамыту саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

Н. Байбазаров

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 27 тамыздағы
№ 69 бұйрығымен
бекітілген
Нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне.

Әкімшілік деректердің нысаны орналастырылған интернет-ресурс: www.gov.kz/memleket/entities.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Шекара маңындағы аудандарда құрылған жұмыс орындарының (бұдан әрі – ШМАЖО) саны туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысанның қысқа әріптік-цифрлық атауы): ШМАЖО-1.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Ақпарат ұсынатын адамдар тобы: шекара маңындағы ауылдық елді мекеннің әкімі шекара маңындағы ауданның (шағын қаланың, моноқаланың) әкімдігіне, шекара маңындағы ауданның (шағын қаланың, моноқаланың) әкімдігі облыс әкімдігіне ұсынады.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін.

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша код (бұдан әрі – ӘАОЖ)	Шекара маңындағы ауданның (шағын қаланың, моноқаланың) атауы	Шекара маңындағы ауылдық елді мекеннің атауы	Мәртебесі (тірек/спутник / стратегиялық)	Халық саны, адам	Құрылған тұрақты жұмыс орындары, бірлік	оның ішінде	
						сала атауы	орындар саны, бірлік
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы

Мекенжайы

Телефондары _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)

қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)

қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Ескертпе: "Шекара маңындағы аудандарда құрылған жұмыс орындарының саны туралы мәліметтер" атты шекара маңындағы аумақтарды дамыту саласындағы

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

"Шекара маңындағы аудандарда құрылған жұмыс орындарының саны туралы мәліметтер" атты шекара маңындағы аумақтарды дамыту саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Шекара маңындағы аудандарда құрылған жұмыс орындарының саны туралы мәліметтер" атты шекара маңындағы аумақтарды дамыту саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Шекара маңындағы аудандарда құрылған жұмыс орындарының саны туралы мәліметтер" атты әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға жауапты лауазымды адам, оның басшысы қол қояды және мөрмен расталады.

3. Нысанды облыстық әкімдіктер Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін ұсынады.

4. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

5. Нысан есепті кезеңде жұмыс орындары құрылған шекара маңындағы аумақтардың әрбір ауылдық елді мекені (бұдан әрі – АЕМ) бойынша мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда – ӘАОЖ сәйкес әрбір АЕМ коды көрсетіледі;

2-3-бағандарда – ӘАОЖ сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), ауылдық округтің, ауылдың немесе кенттің, АЕМ-нің толық атауы көрсетіледі;

4-5-бағандарда – елді мекеннің мәртебесі және халық саны көрсетіледі;

6-7-8-бағандарда – нақты салаларда құрылған орындар санын көрсете отырып, есепті жылы құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі.